

**«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ**  
**Ғылыми кеңес отырысында**  
**13.05.2023 ж. № 10 хаттамамен**  
**БЕКІТІЛДІ**

**D065 – «Аймақтану»**  
**білім беру бағдарламалары тобына**  
**докторантураға түсушілерге арналған**  
**емтихан бағдарламасы**

**1. Жалпы ережелер.**

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы эссе жазудан, докторантурада оқуға дайындығына тест тапсырудан (бұдан әрі – ОДТ), білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан және сұхбаттасудан тұрады.

<b>Блогы</b>	<b>Балы</b>
1. Эссе	10
2. Докторантурада оқуға дайындық тесті	30
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	40
4. Сұхбаттасу	20
Барлығы/ өту ұпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 4 сағат, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, докторантурада оқуға дайындық тестінен өтеді, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

**2. Түсу емтиханын өткізу тәртібі.**

1. D065 - «Аймақтану» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250-300 сөзден кем болмауы керек.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

**Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар.**

**«Халықаралық қатынастар жүйесіндегі аймақтардың өзекті мәселелері: теориялық және практикалық тәсілдер» пәні**

**Тақырып 1. Жаһандану жағдайындағы аймақтық процестерді зерттеудің теориялық тәсілдері.**

1. Геосаясат пен аймақтар туралы теориялық зерттеулер.
2. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі халықаралық аймақтардың рөліне заманауи көзқарастар.
3. Халықаралық қатынастарды макроөңірлік, аймақтық және аймақтық деңгейлерде қарастыратын теориялар мен тұжырымдамалар (геосаяси, әлеуметтанулық, саяси экономикалық-географиялық теориялар мен тұжырымдамалар).

**Тақырып 2. Қазіргі әлемдегі жаңа тенденциялар және халықаралық қатынастардың аймақтық мәселелері.**

1. Аймақтандыру - қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың объективті үдерісі.
2. Аймақшылдық. «Ашық аймақшылдық» және «Жабық аймақшылдық».
3. Аймақтық қатынастардың саяси және экономикалық компоненттері

**Тақырып 3. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі перифериялық аймақтар және оларды белсендіру.**

1. Нақты полицентризм негізінде жаңа әлемдік тәртіпті қалыптастыру.
2. Аймақтық және екіжақты қатынастардың аймақтары мен кешендері.
3. Экономикалық және технологиялық дамудың үш полюстері (макроөңірлері) қалыптасуы - Солтүстік Америка (НАФТА), Батыс Еуропа (ЕС) және Азия-Тынық мұхиты.

**Тақырып 4. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі аймақтар мен аймақтық ішкі жүйелер.**

1. Аймақтың халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны, оның экономикалық, геосаяси, өркениеттік сипаттамалары.
2. ХХІ ғасырдың басында Қытай мен Жапонияның Азия-Тынық мұхит аймағындағы халықаралық қатынастардағы (АТМ) рөлін жандандыру.
3. ХХІ ғасырдың басындағы жаңа геосаяси шындықтағы Шығыс Азия.
4. Халықаралық қатынастардағы Латын Америкасы.
5. Африка халықаралық қатынастардың аймақтық ішкі жүйесі ретінде.

**Тақырып 5. Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар**

1. Орталық Азия халықаралық қатынастардың аймақтық ішкі жүйесі ретінде.
2. Орталық Азия мемлекеттерінің жаһандық кеңістікке интеграциялануының перспективалық стратегиялары.
3. Посткеңестік кеңістіктегі аймақтық ұйымдар.

**Тақырып 6. Аймақтық процестердің интеграциясы және олардың ерекшелігі.**

1. Аймақтық интеграцияның тенденциялары мен принциптері.
2. Жаһандану жағдайындағы мемлекетаралық аймақтық интеграцияның жаңа формалары.
3. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы, Америка континентіндегі және ТМД-дағы интеграциялық процестердің ерекшелігі.

**Тақырып 7. Қауіпсіздік мәселелері. Аймақтық қақтығыстар және олардың қазіргі кезеңдегі ерекшеліктері.**

1. Ұлттық, аймақтық және жаһандық қауіпсіздік.
2. «Жаңа қатерлерді» бейтараптандырудағы халықаралық қатынастардың дәстүрлі және дәстүрлі емес субъектілерінің рөлі, мемлекет, халықаралық ұйымдар, ТҰК, ҮЕҰ және т.б.
3. Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздіктің негізгі проблемалары (экстремизм, ислам радикализмі, есірткі саудасы, заңсыз көші-қон және т.б.).
4. Ғаламдық және аймақтық қақтығыстар мен дағдарыстар.

### **«Орталық Азияның аймақтық қауіпсіздік жүйесі: қалыптасуы, дамуы, болашағы» пәні**

#### **Тақырып 1. Жаһандану үдерісі және қауіпсіздік проблемасы.**

1. Жаһандану - тарихи үдеріс ретінде және оның даму кезеңдері.
2. Қауіпсіздіктің әр түрлі деңгейлері арасындағы тәуелділікті күшейту.
3. Қауіпсіздікке дәстүрлі емес қатерлер - халықаралық терроризм, ұйымдасқан қылмыс, есірткі саудасы, заңсыз қару-жарақ саудасы.

#### **Тақырып 2. Қазіргі кезеңдегі қауіпсіздіктің жалпы мәселелері.**

1. Қауіпсіздік деңгейлері - жеке немесе дара, топтық, ұлттық, аймақтық, жалпы, халықаралық, ғаламдық.
2. Қауіпсіздік проблемаларын зерттеуге арналған негізгі ғылыми мектептер.
3. Халықаралық қатынастардағы өзгеріс векторының негізгі түсіндірмелері: бірполярлы әлем, көпполярлы әлем.

#### **Тақырып 3. Аймақтық қауіпсіздік жағдайы туралы аймақтан тыс қатысушылардың мақсаттары мен стратегиялары.**

1. Орталық Азия елдерінің қазіргі заманғы сын-қатерлері және аймақтық және ұлттық қауіпсіздігі.
- 2 Орталық Азия мемлекеттері арасындағы аймақтық қауіпсіздік құрылымдарын құрудағы негізгі тенденциялар.
- 3 Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік жүйесінің өзгеруіне сыртқы акторлардың әсері.
4. Аймақтық мемлекеттердің аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәсілдері.
5. Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі халықаралық құрылымдардың рөлі.

#### **Тақырып 4. Орталық Азия және аймақтық қауіпсіздік проблемалары.**

1. Қауіпсіздікке дәстүрлі емес қатерлер - халықаралық терроризм, ұйымдасқан қылмыс, есірткі саудасы, заңсыз қару-жарақ саудасы.
- 2 Аймақтық «күш орталықтарының» аймақтық қауіпсіздік жағдайына әсері.
3. Орталық Азия елдерінің аймақтық ұйымдарға мүшелігі.

### **«Аймақтанудағы зерттеудің әдіснамалық негіздері» пәні**

#### **Тақырып 1. Қазіргі аймақтар зерттеу нысаны ретінде.**

1. Әлем аймақтары қоғамдық және саяси қатынастардың ерекше типі ретінде және зерттеу субъектісі ретінде.
2. Қазіргі кезеңдегі аймақтық интеграциялық процестердің негізгі түрлері.

#### **Тақырып 2. Халықаралық қатынастар теориялары: түсінігі, ерекшелігі, типологиясы.**

1. Н.Макиавелли, Т.Гоббс, Э.Деваттель, К. фон Клаузевицтің саяси ілімдеріндегі халықаралық қатынастар мәселелері.

2. Халықаралық қатынастардағы мемлекеттердің рөлі.
3. Халықаралық режимдер ынтымақтастық пен өзара байланыс механизмі ретінде.

### **Тақырып 3. Аймақтық процестерді зерттеудегі ақпаратпен қамтамасыз ету.**

1. Гуманитарлық білім саласындағы ақпараттың әр түрлі түрлері және ақпараттық массивтер.
2. Қолданбалы саяси жобаларды ұсынудағы ақпараттық технологиялардың рөлі.

### **Тақырып 4. Аймақтық процестерді зерттеудегі жүйелі тәсіл.**

1. Халықаралық жүйелерді зерттеудің негізгі тәсілдері: дәстүрлі-тарихи, тарихи-социологиялық, эвристикалық, аралас, құрылымдық, функционалдық.
2. Халықаралық жүйелердің қызмет ету заңдылықтары.

### **Тақырып 5. Халықаралық үдерістер.**

1. ХХІ ғасырдың басындағы халықаралық қақтығыстар және олардың ерекшелігі.
2. Халықаралық ынтымақтастық және интеграция үдерісі.

### **Тақырып 6. Халықаралық және аймақтық үдерістерді зерттеу әдістемеле.**

1. Сарапшылар қорытындысының ішкі және сыртқы саясаттағы рөлі.
2. Халықаралық қатынастарды зерттеудегі SWOT талдау.
3. Дискурстық талдау, оның қауіпсіздік мәселелерін зерттеудегі тиімділігі.

## **3. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.**

### **Негізгі:**

1. Цыганков П.А. Теория международных отношений. Учебное пособие. М., 2003.
2. Теория международных отношений на рубеже столетий / Под ред. К. Буса и С. Смита. – М., 2002.
3. Лебедева М.М. Мировая политика: Учебник для вузов. 2-е изд., р. и доп.: М.: Аспект Пресс, 2007.
4. Современная мировая политика: Прикладной анализ: учебное издание / Под ред. А.Д. Богатурова. 2-е изд. испр. и доп. М.: Аспект Пресс, 2010.
5. Современные международные отношения: учебник / Под ред. А.В. Торкунова, А.В. Мальгина. М.: Аспект Пресс, 2012.
6. Внешняя политика стран СНГ. Учебное пособие/Колл. авторов под ред. Дегтерева Д.А., Курылева К.П. –Москва: Изд. «Аспект Пресс», 2019. -496 с.
7. Лаумулин М.Т. Центральная Азия в эпоху перемен. Нур-Султан, 2020.

### **Қосымша:**

1. Лаумулин М. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. Алматы. 2009.
2. Михайленко Е.Б. «СТАРЫЙ» И «НОВЫЙ» РЕГИОНАЛИЗМ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ ДИСКУРС. Екатеринбург, Издательство Уральского университета, 2014.
3. Акимбеков С. М. Афганский узел и проблемы безопасности Центральной Азии. Алматы, 1998.
4. Центральная Азия сегодня: вызовы и угрозы / Под общей редакцией доктора политических наук, профессора К.Л. Сыроежкина: Монография. — Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011.
5. Региональные организации: типы и логика развития. — СПб., 2016.
6. Губайдуллина М.Ш., Чеботарев А.Е. Европейский Союз и страны Центральной Азии: возможности и перспективы сотрудничества в свете новой стратегии. – Алматы, 2021.- 300 с.

7. Внешнеполитическая ориентация стран Центральной Азии в свете глобальной трансформации мировой системы международных отношений. Под ред. А.А. Князева. Бишкек, 2009.
8. Европейский союз и Евразийский экономический союз: долгосрочный диалог и перспективы соглашений. – СПб., 2016.
9. Денисов И.Е. Поднебесная смотри на Запад //Контурь глобальных. – 2016. Вып.6, Т.9. С.20
10. Арыстанбекова А.Х. Глобализация мировой политики. – Алматы, 2007.